

## Өскемен қаласының коммуналдық меншігіне келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану Қағидасын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 11995 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 тамызда № 4104 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 09 қазандағы № 13203 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 09.10.2015 № 13203 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 246-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 18-бабының 22) тармақшасына, 31-бабына, 211-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 49-е "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" өкімін орнындау үшін, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өскемен қаласының коммуналдық меншігіне келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану Қағидасы қосымшаға сай бекітілсін.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының	
Әкімі	Т. Қасымжанов
	Өскемен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 13.07 № 11995 қаулысымен бекітілді

# **Әскемен қаласының коммуналдық меншігіне келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану Қағидасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағида Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңына сәйкес әзірленді және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

## **2. Жануарлардың қалалық коммуналдық меншікке келіп тұсу және оларды пайдалану тәртібі**

2. Тұлға бағуында болған қараусыз қалған немесе жайылымдағы малды және басқа да үй немесе асыранды жануарларды меншігіне алудан бас тартқан жағдайда олар қалалық коммуналдық меншікке түседі және осы Қағидаға сәйкес пайдаланылады.

3. Қараусыз қалған жануарларды қалалық коммуналдық меншікке қабылдау, қабылдау-беру актісі негізінде жүргізіледі. Қабылдау-беру актісінде қалалық коммуналдық меншікке келіп түсетін жануарлардың түрі, жынысы, түсі, жасы көрсетілуі керек.

Қабылдау-беру актісі жануарларды тапсыратын тұлғаның, ветеринария (бұдан әрі - ветеринария саласындағы уәкілетті орган) және коммуналдық меншікті басқару (бұдан әрі - коммуналдық меншікті басқару бойынша уәкілетті орган) саласындағы функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жасалады.

4. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану үшін, оларды бағалау (қайта бағалау) және қалалық қоммуналдық мұлік тізіліміне енгізу шаралары жүргізіледі. Тізілімге енгізу және бағалау (қайта бағалау) жұмыстарын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte коммуналдық меншікті басқару бойынша уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарлар келесі әдістердің бірмен пайдаланылады:

- 1) аукцион арқылы сату;
- 2) сауда ұйымдары арқылы сату;
- 3) жануарларды қорғайтын мамандандырылған орындарға (ауыл шаруашылығы жануарлары және үй құстарынан басқа) немесе жеке тұлғаларға

өтеусіз беру.

6. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану тәсілін әр жағдайда коммуналдық меншікті басқару бойынша уәкілетті органымен құрылған тұрақты комиссия шешеді. Комиссияның құрамына ветеринария саласындағы уәкілетті органның және басқа да мудделі органдардың өкілдері кіреді.

### **3. Жануарларды үақытша ұстau**

7. Қалалық коммуналдық меншікке келіп түскен жануарлар конкурстың негізде 6 (алты) және одан артық айға шарт негізінде анықталатын жеке немесе занды тұлғаларға үақытша ұстau үшін бекітіледі.

8. Жануарларды үақытша ұстайтын тұлғамен коммуналдық меншікті басқару бойынша уәкілетті орган шарт жасайды. Осы қызмет көрсету түріне мемлекеттік тапсырысты орналастыру мемлекеттік сатып алу туралы заннамасына сәйкес жүргізіледі. Жануарларды үақытша ұстайтын тұлғалар анықталған кезде, жайы (қорасы, сарайы), құрал-жабдығы және жұмыс тәжірибесінің бар болуы ескерілуі қажет.

9. Жануарларды үақытша ұстau бойынша шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұстайтын тұлғаға өтеледі. Өтелетін шығынға осы елді мекендері нарық бағасы бойынша анықталған, зоотехникалық нормаларға негізделген жемнің құны және ұсташының жалақысы кіреді. Ұсташының жалақы мөлшері Қазақстан Республикасының заннамасымен белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен төмен және мемлекеттік занды тұлғалардың қызметкерлерінің еңбекақы жүйесімен белгіленген мөлшерінен артық болмауы керек.

10. Жануарларды ұстайтын тұлға олардың қырылуы немесе жарамсыз болуында оның кінәсі болған жағдайда, малдың құны мөлшерінде жауаптылықта болады.

11. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарларды ветеринарлық бақылау және жүқпалы ауруға шалдығуға қарсы вакцинациялау іс-шаралары ветеринария саласындағы уәкілетті органның қадағалауымен жүргізіледі.

Ветеринарлық бақылау және вакцинациалау кезіндегі шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

### **4. Жануарларды бұрынғы меншік иесінен қайтару**

12. Жануарлар қалалық коммуналдық меншікке өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, жануарлардың бұрынғы меншік иесінен үйірсектігі сақталғанын немесе жана меншік иесінің оларға қatal немесе өзге де

мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде жануарлар комиссияның келісімімен қайтарылуға жатады, келісімге келмеген жағдайда даулар сottың тәртібінде шешіледі.

13. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару оларды ұстau кезіндегі шығындарды жергілікті бюджеттің кірісіне өтегеннен кейін орындалады.

14. Егер бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару туралы өтініш түспей тұрып жануарлар басқа меншік иесіне сатылған болса немесе өтеусіз берілсе, жануарларды сатқан кездегі тұсім немесе олардың құны бұрынғы меншік иесіне жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен өтеледі. Бұл ретте жануарларды ұстauға байланысты қаржы қаражатының көлемі шегеріледі.

15. Жануарларды қайтару немесе құнын өтеу бұрынғы меншік иесі және коммуналдық меншікті басқару бойынша уәкілетті орган арасында шарт жасаумен ресімделеді.

## **5. Қорытынды ережелер**

16. Жануарларды сатудан түскен қаражат заңнамада белгіленген тәртіpte жергілікті бюджеттің кірісіне есептелінеді.

17. Жануарларды есепке алу, бағалау, сату және өтеусіз беру бойынша шығындар Өскемен қаласының бюджетінде тиісті қаржы жылына қаастырылған қаражаттың шегінде жүзеге асырылады.